



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ГЕОГРАФИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ГЕОГРАФИЧЕСКАЯ

BULLETIN

GEOGRAPHY SERIES

2(41) 2015

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Предисловие</i>	3
<i>Құсайынов С.А., Ұлағатты ұстаз туралы сыр</i>	5
<i>Веселова Л.К., Қошім А.Ф. М.Ж. Жандаев и география Казахстана</i>	8
<i>Ақпамбетова К.М. Учёный, педагог и наставник</i>	11

1-бөлім	Раздел 1.
Таулы өлкелердің су аңғарларының дамуы: флювиальді үдерістер және жер бедерінің үлгісі, геоморфологиялық қауіптілік, су қорларын қорғау	Развитие речных долин горных стран: флювиальные процессы и формы рельефа, геоморфологические риски, охрана водных ресурсов

<i>Воскресенский И.С. Строение долин и оценка геоморфологических условий россыпеобразования областей неотектонической активизации и новейшего вулканизма</i>	16
<i>Ликуттов Е.Ю. Формирование речных долин горной системы Джугджур и россыпеобразование</i>	26
<i>Веселова Л.К., Қожахметова У.К. Учение М.Ж. Жандаева о речных долинах</i>	34

2-бөлім	Раздел 2
Тақырыптық картографиялау	Тематическое картографирование

<i>Веселова Л.К., Шмарова И.Н. Картографические модели рельефа М.Ж. Жандаева</i>	42
<i>Шмарова И.Н., Уркимбаева С.А. Особенности проектирования и составления карт соляных озер на примере Павлодарской области</i>	48
<i>Калач О.О., Веселова Л.К. Методика мониторинга геодинамических процессов Экибастузского угольного карьера</i>	54
<i>Пак С.В., Веселова Л.К. Создание крупномасштабного плана г. Алматы</i>	62
<i>Мамбеталиев Ш.Е., Касымканова Х.М., Бексеитова Р.Т. Жамбыл облысының ауыл шаруашылығын картографиялау (Жамбыл ауданының мысалында)</i>	68
<i>Шмарова И.Н., Дарубаева М.Е. Использование аэрокосмических материалов для целей геоморфологического картографирования (на примере Алакольской впадины)</i>	74
<i>Құлданова А.Б., Бексеитова Р.Т. Экологическое картографирование северо-западной части Казахстанского Прикаспия</i>	80
<i>Таукебаев О.Ж., Кәдірқұлов Н.Ә. Ландшафттық картографиялау мақсатында жер бедерінің құрылымын жіктеу</i>	86
<i>Kaldybayev A.A. Methods of glacier mapping using remote sensing techniques: review</i>	92
<i>Рахимбекова А.Б., Веселова Л.К. Картографирование природно-техногенных геоморфосистем Центрального Казахстана</i>	98

Белгілі қазақ ғалымы, педагог М.Ж. Жандаев жайлы сыр шертудің ыңғайы ұстаздың туғанына 100 жыл толуына орай енді келіп отыр. Ол адами адалдықты, әділдікті ту ететін жөнсіздікке, жалғандыққа, екі жүздікке төзбейтін тұлға еді. Отан үшін отқа түс, күймейсің! – деген ол оны әлдскімше алыстан айтқан жоқ, өзі сол отқа сан рет түскен, күймей шыққан шын мәніндегі қиындықтан қорықпайтын, қайтпас қайсар, батыл да өжет, елдің қаһарманы еді. Ол Ұлы отан соғысы жылдарында қолына қару алып, өмір мен өлім шайқасы сәттерінде талай ерлікті көрсеткен жан. 1945 жылы соғыстан жеңіспен оралғаннан кейін Мұқатай Жандайұлы бүкіл қалған өмірін география ғылымына және жоғары білікті географ мамандарды дайындауға арнады.

М.Ж. Жандаевтың педагогикалық қызметіне көз жүгіртсек, Қазақстанның жоғары білікті географ мамандарды дайындауда аяулы ұстаз ерекше мән берді. 1960 – 1962 жылдары М.Ж. Жандаев С.М. Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы) Қазақ ұлттық университеті география факультетінің деканы, 1962 – 1974 жылдары физикалық география кафедрасының меңгерушісі, 1974 – 1988 жылдары геоморфология кафедрасының меңгерушісі болды. Сонымен қатар, аспиранттардың, магистранттардың ғылыми жетекшісі және докторанттардың кеңесшісі ретінде көп еңбек сіңірген педагог-ұстаз. 1966 жылы М.Ж. Жандаевтың басшылығымен бүкіл Орта Азия және Қазақстан аумағында алғаш рет география ғылымы бойынша ғылыми дәрежені бекітетін Ғылыми кеңес ашылып, көп жылдар бойы оның басшысы болды.

География ғылымдарының докторы, Ұлы отан соғысының ардагері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, көптеген қазақ жастарының аяулы ұстазы М.Ж. Жандаевтың еңбек қызметі география ғылымының әртүрлі салаларын қамтиды.

Алдымен М.Ж. Жандаев ғылыми жұмыстарын геологиялық зерттеулермен бастады, кейін ол өзіне география ғылымының да, геология ғылымының да терең білімін ұлғастыра білді. Жалпы М.Ж. Жандаевтың ғылыми жұмыстары физикалық географияның, геоморфологияның, төрттік геологияның, табиғатты қорғау және палеогеография салаларының барлығын қамтиды.

М.Ж. Жандаев Қазақстан аумағының көптеген өңірлерінде ғылымы зерттеулерін жүргізді. Ол Орталық және Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Балқаш маңы, Бетпақдала және Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі таулалар жүйесінде жүргізілген көптеген далалық экспедиция материалдары негізінде география мен геоморфологияның аймақтық мәселерін және басқа да өзекті проблемаларын жете зерттеді. Әсіресе Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік өңірінің геоморфологиясы мен палеогеографиясын мұқият зерттеді. Оның докторлық диссертациясының тақырыбы да Солтүстік Тянь-Шань жотасының геоморфологиясы және палеогеографиясына арналған.

М.Ж. Жандаевтың жалпы географияға қатысты теориялық зерттеулері географияның практикасы алдында тұрған мәселелерімен тікелей байланысты. Ғалымның пікірі бойынша: «География тек тәжірибемен тығыз байланысты жағдайда ғана толық кеңістікте және серпінді дамуға ие бола алады» деген. Ол географияның негізгі мақсат - міндет ретінде табиғат кешендерін зерттеу, табиғи ортаның дамуындағы заңдылықтарын айқындау, барлық табиғи географиялық ресурстарды анықтау және ұтымды пайдалануын көрсете білді. Бұл зерттеулерінің барлығы табиғи байлықтарын тиімді пайдалану үшін қажет деп пайымдаған. Осыған орай физикалық география қоршаған ортаның қалыптасуының объективті заңдылықтары мен дамуын, табиғи қорының әлеуетін анықтауға бағытталса, ал экономиялық география анықталған ресурстарды біршама тиімді пайдалану жолдарын қарастырады. Байланысты түйіні – ландшафттану ғылымы. Ландшафттану дегеніміз – күрделі табиғи және табиғи-антропогендік геожүйелер. Бұл жер қабығының географиялық бөлігі ретінде зерттейтін физикалық географияның маңызды бір бөлімі.

Ландшафттану географиялық ландшафты және оның физикалық – географиялық дифференциясының заңдылықтары, физикалық-географиялық аудандау туралы ілімді қамтиды. Ландшафттану ауқымында бірқатар бағыттар, мәселен, ландшафт морфологиясы, ландшафт физикасы, қолданбалы ландшафт және т.б. қалыптасты. Ландшафттанудың маңызды әдісінің

бірі – ландшафтық түсіру (ландшафтная съемка). Ландшафтық түсірудің негізгі нәтижесі – ландшафтық карта. Ландшафтық карта – географияның негізі, ландшафтық картасыз география толыққанды ғылым ретінде бола алмайды. Ендеше, ландшафтық карталар – табиғи, яғни табиғи-аумақтық кешендерді және адам өзгерткен әртүрлі дәрежедегі ландшафтылардың орналасуы мен құрылымын бейнелейтін карталар. Сондықтан табиғи ерекшеліктерді зерттеу барысында, ең алдымен ландшафтық карталардан құрастырудан басталады. Сонда ғана табиғи-экономикалық ресурстарды толық есепке алуға және бағалауға болады. Ал, географиялық зерттеулерінің қорытынды кезеңі – экономикалық-географиялық зерттеу.

Экономикалық-география зерттеу барысында барлық кешенді географиялық жұмыстарының нәтижесі мен қорытындысы қарастырылған аймақтың келешекті дамуының экономикалық-географиялық картасын құрастыруымен аяқталады. Экономикалық-географиялық карталарға аймақтың еңбек ресурстарын, халыққа қызмет көрсету карталарын, тарихи-экономикалық карталарын, өнеркәсіп карталарын, ауылшаруашылығы карталарын, көлік карталарын және т.б. жатқызады.

Бүгінгі таңда табиғатты зерттеу және оның ресурстарын игеру барысында табиғи ортаның барлық құрамбөліктерді есепке алу тиіс. Сол ұстанымды ескере отырып М.Ж. Жандаев Қазақстан аумағында кез келген ірі халық-шаруашылық нысандарды, мәселен, жаңа жерлерді игеру, су қоймалар салу, магистральды каналдарды қазу және т.б. салу алдында кешендік ғылыми сараптауды қажет етеді деген. Осындай түбегейлі мәселелерді жүзеге асыру үшін М.Ж. Жандаев ҚазКСР Ғылым Академиясына қарасты географиялық орталық, яғни география ғылыми институтын ұйымдастыруды ұсынды. Сонымен қатар, елімізде қолданбалы бағыттағы ландшафттанушы маман географтарды, табиғатты қорғау, туризм және өлкетанушы мамандарын дайындауды мақсат еткен.

Алайда, география ғылымының қатарында М.Ж. Жандаевтың ерекше көңілі геоморфология саласына ауған. Ұстаздың геоморфологиялық жұмыстары аймақтық және жалпы теориялық сипаттағы көлемді мәселелерге арналған. Солардың ішінде геоморфологиялық карталау, бедердің палеогеографиялық қалпына келтіру мәселесі, неотектоникалық қозғалыстардың бедержаратушы рөлі, флювийлік үдерістер, өзен аңғарларының қалыптасу теориясы,

жыралық эрозия және т.б. М.Ж. Жандаевтың пікірі бойынша геоморфологиялық карталау далалық геоморфологиялық зерттеулерінің негізі болып табылады. Далалық геоморфологиялық зерттеу материалын толығымен анық қорытып, графикалық тәсілмен көрсететін құрал – геоморфологиялық карта болып саналады. Геоморфологиялық карта бедердің уақыт пен кеңістікте даму заңдылықтарын және бедер мен геологиялық құрылысын, бедер мен тектоникалық жағдайын, бедер мен басқа да ландшафтық компоненттерінің арасындағы байланысын анықтайды.

Геоморфологиялық карталардың басты ерекшеліктерінің бірі – бедер элементтерінің морфологиясын, жасын және қалыптасу тарихын бейнелеу. Сөйтіп, геоморфологиялық карта – геоморфологиялық зерттеулердің қажетті және маңызды нәтижесі, бедер туралы графикалық түрде жиналып алынған толық мәліметтер мен практикалық қолдануының негізгісі.

Морфогенетикалық ұстанымына негізделген М.Ж. Жандаев Іле Алатау жотасының геоморфологиялық картасының легендасын жасады. Мұнда ол бедер пішіндерін талдай отырып келесі таксономиялық жіктемесін яғни бедер пішіндерін, бедер типін және бедер кешенін ұсынды. Осы морфогенетикалық ұстанымына негізделген легендасы бойынша Мұқатай Жандайұлы Іле Алатау жотасының орта масштабты геоморфологиялық картасын жасап шығарды. Бұл карта осы уақытқа дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

Сонымен қатар, соңғы кезеңде М.Ж. Жандаев экология және табиғатты қорғаудың теориялық мәселелерін зерттеумен айналысты. Мәселен, Қазақстан аймақтарының шөлдену проблемасы, Арал теңізі және Балқаш көлі деңгейінің төмендеуі және т. б.

Дегенмен, М.Ж. Жандаевтың өмір бойы баурап алған негізгі мәселесі – флювийлік геоморфология проблемасы. Осы күрделі мәселесіне ғалымның негізгі ғылыми еңбектері арналған: «Іле Алатаудың геоморфологиясы және өзен аңғарларының қалыптасу проблемасы» және 1998 жылы шыққан «Өзен аңғарларының геоморфологиясы». Бұл орайда Мұқатай Жандайұлы айтқандай: «Жер бетінің, оның бедер пішіндерінің және ландшафт ерекшеліктерінің өзгеруіне әсер ететін маңызды факторларының бірі – өзендер. Әдетте зерттеліп отырған аумақтардың даму тарихының іздері сол өңірдегі өзен аңғарларының құрылысында көрініс табады. Сондықтан гидрографиялық тордың сипа-

тын, аңғардың морфологиялық ерекшеліктерін және өзен түзілімдерін зерттеу барысында, қарастырған аумақтың ежелгі бедерін, палеоклиматын және неотектоникалық қозғалыстарының даму бағытын қайта қалпына келтіруге, яғни реконструкция жасауға мүмкіндік туады. Осы тақырыпқа қатысты бұрын зерттелмеген маңызды мәселелер туындады. Бұлар арналық ағыстың пайда болуы, өзен бастауындағы эрозия, өзен мен аңғарының трансгрессивті түрде дамуы, өзен жүйесінің қалыптасу заңдылықтары, аңғар дамуының соңғы кезеңдері және т.б. Бұл проблемалар көп жылғы қажырлы еңбектің және теориялық зерттеулерінің арқасында өз шешімін тапты.

Сайып келгенде, өмірінің соңына дейін М.Ж. Жандаев ұстаздық жұмысын жалғастыра білді. Ол өз ісіне жан-тәнімен берілген мұғалім ғана емес, сонымен бірге ғылыми-зерттеу жағынан да география, әсіресе өзен аңғарлары туралы көптеген құнды еңбектерді жас ұрпақтарға қалтырды.

— Ақын айтқандай:

Артыңнан адаспайтын жол тастап кет,
Ескеріп, ойлап жүрер сөз тастап кет.
Өзіннен кейінгілер үлгі алатын,
Көрнекті, көзге түсер жол бастап кет.

деген аталар аманатын абыроймен атқарған аяулы ұстазымыз М.Ж. Жандаев бізге «көрнекті көзге түсер жол» бастап кетті.